



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

ТАҚЫРЫПТЫҚ ҚИЯЛ-ҒАЖАЙЫП САЯБАҚТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘЖІРИБЕСІНЕ ШОЛУ

Жарылкапова Арайлым Бауыржанқызы

zharyklapovaa@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, «Дизайн және инженерлік графика» кафедрасының

I курс магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – т.ғ.д., профессор Баймахан Нурмаханович Нурмаханов

Бұл мақалада, қазіргі таңда ойын-сауық индустриясында маңызды рөл алатын, табысы мол туризм нысандарының бірі тақырыптық саябақтар туралы және олардың заманауи даму барысы мен Қазақстанда ашылу мүмкіншілігі туралы баяндалады. Технологиялардың дамуына қарай тұтынушылар талаптары да артуда. Жүргізілген бірнеше сауалнамаға сүйенер болсақ, тұтынушы туристердің 94 % виртуалды шындықты есепке ала отырып, тақырыптық саябақтарға барғанды жөн көрсе, ал 48% лазерлер мен үш өлшемді виртуалды шындықтың голограмасы бар саябақтарда уақыт өткізеді екен. Дамыған Азия елдері де Батыстан артта қалғысы келмейді: астаналар мен курортты орталықтарда жыл сайын жаңа ойын-сауық кешендері ашылып ал жұмыс істеп тұрғандары одан сайын ұлғаюда. Олар туристерді бас айналдырарлық аттракциондарымен, аквапарктерімен және жасыл саябақтарымен баурайды. Қысқаша айтқанда, аумақты тақырыптық саябақтар орналасқан қалаларда бұл сала өте табысты бизнес көзі болып табылады. Шет ел тәжірибесіне сүйенер болсақ, бір ірі тақырыптық ойын-сауық саябағы 500млн доллар шамасында жылдық түсім әкеліп, онымен қоймай ішкі сондай-ақ халықаралық туристер ағымын анағұрлым көбейте алады екен.

Тақырыптық ойын-сауық саябағының ең басты ерекшелігі – тұтас бір кеңістікті құрайтындай саябақтың барлық құрылымын біріктіретін белгілі бір тақырыптың болуында. Саябақ тақырыбы, ол тек бөлектенген элементтерді біріктіретін атауы ғана емес сондай-ақ тақырып аттракционнан бастап тіпті қоқыс жәшігінің түсіне дейін көрініп тұруы қажет.

Заманауи тақырыптық саябақтар тек қарапайым аттракциондарды қамтитын азғантай аймақта орналасқан саябақ емес, негізінде ол – аумағында алып аттракциондармен қатар жеке транспорты, қонақүйлер мен дәмхана және мейрамханалар, сондай-ақ түрлі дүкендер мен спорт алаңдары, кинотеатрлар, түнгі клубтар тіпті сұлулық салонына дейін қамтитын толық қалашықтардың кейпіндегі үлкен кеңістік. Дәл осындай тақырыптық демалыс орындары тек жақын маңайдағы туристерді ғана емес, сонымен қатар шалғайдағы, шет елдік туристердің де көңілін аудартатыны белгілі. Аталмыш орында бүкіл отбасыңызбен немесе достарыңызбен бірге толыққынды демалыс өткізе аласыз.

Ойын сауық индустриясы бүгінгі таңда, мәдени-сауық қызметінің капиталды қажет ететін технологиялық, әрі тез дамып келе жатқан маңызды саласы болып табылады. Күрделі инженерлік жобалар, миллиондаған инвестициялар және ауқымы кең құрылыстар ең батыл жандар үшін қайталанбас адреналин сыйлайды. Ойын сауық индустриясында ең әсерлі жылдамдық, биіктік сондай-ақ жоба құны мен басқару жүйесі рекордтары қойылады. Осындай ойын-сауық орталықтары, өзіне бірінші кезекте аттракциондар техникасы мен ойын-сауық жабдықтарын сондай-ақ ұмытылмас мереке мен қуаныш, бақыт қалпының ойын-сауық әсерін жеткізе алатындай жаңа технологияларымен қамтамасыз етілген мәдени-сауық және рекреациялық-сауықтыру қызметтерінің түрлі бағыттарын біріктіреді.



Сурет 2. Қиял ғажайып саябағының жобасы

Сонымен тақырыптық саябақтар дегеніміз – құрылымдарының барлығы ортақ тақырыпта біріктірілген, жасанды құрылған танымдық-ойын-сауық парктері. Бір қарағанда олардың басқа парк түрлерімен ұқсас жақтары көп, алайда, құрамдық элементтері жағынан және ұйымдасу мен қызмет етуі жағынан ерекшеліктері айқын. Әлемдегі тематикалық парктер мен еліміздегі дәстүрлі мәдениет және демалыс парктерінің арасында айырмашылық бар. Тақырыптық ойын-сауық саябақтары алдыңғы қатарлы технологиялар мен жаңа ғылыми жетістіктердің негізінде құрылып жұмыс жасайды. Ғылым мен техника саласындағы соңғы әзірлемелерге, сонымен қатар жаңа технологиялық шешімдерге жоғары назар аудару тақырыптық саябақтарды ірі университеттердің жанынан ашылып жатқан инновациялық орталықтар – технопарктермен соншылықты жақын етеді. Алайда аталған екеуінің де түптің-түбінде атқаратын қызметтері бойынша бір-бірінен айырмашылықтары бар. Бәрінен бұрын тематикалық парктер мен классикалық көңіл көтеру парктерінің ара-жігін ажырату қиын. Тақырыптық парктер олардың қызметінің сан алуан болуымен ерекшеленеді, соған сәйкес, көп профильділікке де бейім. Тақырыптық саябақтарда бірмезгілде бірнеше бағыттар бойынша машықтанады, ең алдымен көңіл-көтеру, мәдени-танымдық және білім беру бойынша. Машықтану бағытының кеңеюіне парктік анимация ықпал етеді. Ол адамға қажетті бірқатар қызметтерді орындаумен ерекшеленеді:

- бейімдеу қызметі, күнделікті жағдайдан еркін, тынығуға жақын жағдайға өтуге мүмкіндік береді;
- орын толтыру қызметі, адамды күнделікті тіршіліктің физикалық және психикалық ауыртпашылықтарынан босатады;
- тұрақтандырушы, оң эмоция қалыптастырып, психикалық тұрақтылыққа ықпал етеді;
- ақпараттық, ел, аймақтар, адамдар туралы жаңа ақпарат алуға мүмкіндік береді.;
- білім беру, айқын сезімдердің нәтижесінде қоршаған орта туралы жаңа білімдер алуға мүмкіндік береді;
- жетілдіруші зияткерлік және физикалық жетілуге ықпал етеді;
- жарнамалық, туристік парктің анимациялық бағдарламаларының көмегімен сол елдің, аймақтың, туристік кешеннің, қонақүйдің, туристік компанияның жарнама тасымалдаушы етеді.

Тақырыптық саябақтар арасындағы ең басты жетістікке жетіп, табысқа кенелу құпиясы - жаңа инновациялық технологияларды қолдану болып табылады. «Диснейленд»; «Дисней Уорлд» аттракциондарды техникалық жабдықтау жағынан пионерлер болып табылады. Толық тоқталып өтер болсақ, жарық-дыбыстық және мультипликационды эффекттердің арқасында келушілердің өткір әсерге бөленуі мен алатын жарқын қайталанбас әсерін сыйлайтын компьютерлі жүйелерді алғаш болып қолға алған осылар еді. Бүгінгі таңда «Диснейленд» өзінің келушілеріне ғарышқа саяхат жасау мүмкіншілігін ұсынуда. Онда орналасқан әр кресло арнайы компьютерлік дыбыстық қадағалау мен келушілерді ғарыштағыдай сезінетіндей арнайы спецэффектермен жабдықталған. Тағы бір америкалық тематикалық саябақ «Юниверсал Студиоз Голливуд» жер бетіндегі «экранның арғы

бетіне» аттауға болатын, сондай-ақ қызықты триллер немесе боевиктердің әрекеттегі кейіпкері болуға мүмкіндік беретін жалғыз саябақ. Мәселен, үшөлшемді фантастикалық «Терминатор» шытырман оқиғасына қатысып, «Хичкок» қорқыныштар әлемінде болып немесе «Челюсти» фильміндегі алып акуланы жеңсеңіз болады. Орlando маңайында орналасқан «Буш Гарденс» саябағында соңғы модификациялардағы күрделігі жоғары топқа жататын «америкалық горкалар» (айналысы 360°) орналастырылған. Америкалық тематикалық саябақтардың бірі «Си Уорлд» саябағында жақында «америкалық горкаларда» сырғанау арқылы керемет, ұмытылмас әсер қалдыратын голографикалық спецэффекттермен және жап-жаңа лазерлі технологияларды біріктірген «Антарктидаға саяхат» атты ғажайып аттракцион ашылды.




Сурет 2. Туристік тематикалық парктік кластер Марн-ля-Валле (Франция)

Соңғы уақытта, тематикалық саябақтар жобалаушыларының назары ойын-сауық индустрия алаңында зор мүмкіншіліктер ашатын виртуалды шындық технологиясына ауып отыр. Осыған орай жаңа технологиялардың күннен күнге зымырап дамуы, осы бағытта да кеңінен қолданылуда десек қате айтпаған болар еді. Осыған дәлел ретінде У. Дисней Корпорациясы осы мүмкіншіліктерді «Америка» тарихи саябағының құрылуы барысында қолдануға ниетті. Олардың үлкен сенімділікпен айтуы бойынша « Біз сіздерді Азаматтық соғыс заманындағы сарбазға айналдырып, құлдықтың не екенін сезіндіріп, сондай-ақ адамдарға жер асты темір жолымен қашу барысындағы сөзбен айтып жеткізу қиын әсер алатындай сезімді сынауға мәжбүр етеміз» Осындай жаңа иновациялардың қолданылуымен әлемнің түпкір- түпкіріндегі туристердің қызығушылықтарын арттырып, өзіне тартатын алып саябақтардың саны жылдан жылға артуда. Алып аттракциондар мен ойын-сауық жабдықтарының технологиялық жаңалығынан бөлек, қызмет ету барысында да айтарлықтай тың инновациялар қолданылуда. Мәселен, Таяу Шығыстағы Абу Даби және Дубай сияқты алып қалалар, қазіргі таңда тек алып ғимараттармен қатар миллиондаған үлкен туристері лебі ағылып жататын орталықтар болып санлады. Әрине, өзінің атақты «Ferrari World» «Yas Waterworld» және т.б көптеген ғажайып саябақтарының танымалдылығымен шектелмей әлі де көптеген жаңа тақырыптағы саябақтар ашылу үстінде. Келушілерге қызмет көрсету сапасы бойынша да тың технологиялар қолданылуда, солардың бірі жаңа цифрлы және жіксіз сервис. Осылайша, барлық келушілер барлық ойын-сауық бағытына цифрлі кілт болып табылатын жеке идентификациялы құжат алады. Идентификациялы құжаттың көмегімен, келушілер өздерінің смартфондары арқылы иммерсиялық ойын-сауықты бақылап сонымен қатар, саябақта болу барысында отбасымен қарым-қатынасын дербестендіре алады. Тағы бір, болашақта көретін өте тез жылдамдықпен дамып келе жатқан тенденциялардың бірі- белгілі бір фантастикаға немесе өткенге орала алатындай батуға мүмкіндік беретін

виртуалды шындық болып табылады. Бұл жарыс 2015 жылы тематикалық саябақтардың бірінің осы технологияны америкалық горкаларда сәтті қолдануынан бастау алды. Келесі, басқа тенденция – киілетін гаджеттер. Бұл электронды түрдегі браслеттер келушілерге кезекте тұру уақытын үнемдеу арқылы аттракциондардан орын алуға, билеттерді қолма-қол ақшасыз сатып алуға немесе саябақ кіру суреттеріне автоматты түрде заттанба яғни этикетка қоюға мүмкіндік береді. Интерактивті парк- бұл балаларға арналған, олардың дамуына, ойнауына, ойлауына және жасап шығаруға деген қызығушылығын арттыру мақсатында құрылған ғажайып мультяшты кеңістік. Жаңа, тың технологиялар, логиканы дамытуға, кішкентай моториканы, зерделікті, реакция жылдамдығын артыруға көмектеседі. Балалардың жасаған әр заты лезде оларды қоршаған әлемде тіріліп шыға келеді. Көзіңізге елестетіңіз, проектирлердің жасап шығарған түрлі түске боялған инсталляциялармен қоршалған, қараңғы бөлме, және бұл бөлме аспанында ғажап құстар ұшып жүр әрі бейтаныс аңдар серуендеуде. Балақайлар осы мультік ішіне, дәл оқиғалар ортасына тап болады. Сонымен қатар олар тек бақылаушы ғана болып қоймай, өздерінің шығармашылықтарының авторлары болып шығады. Әдемі көбелекті немесе динозаврларды бояу арқылы, ешкімнің көмегінсіз оп- оңай өзінің асырандысын ертегілер ғаламшарына жіберіп оның тіріліп жүргенін көреді, әрине осыдан кейінгі олардың шаттығына шек болмайды.

Мақаланың мақсаты: Жаңа инновациялық технологияларды пайдалана отырып, туризмдегі басты табыс көзі болып отырған тематикалық саябақ ашудағы тың идеялармен бөлісу арқылы Қазақстанда бәсекеге қабілетті туристік индустрия жасау және елімізді Орталық Азия аймағының туризм орталығына айналдыру.



Сурет 3. Аватар франшизасы бойынша құрылатын тақырыптық саябақ.

Осыған орай, менің ұсынылғалы отырған тематикалық саябағым әрине аумағы жағынан толық бір қалашық кейпінде орналасқан үлкен ойын-сауық орталығы болмақ. Дүкендер мен мейрамханалардан бөлек шалғайдағы және шет ел туристеріне арналған қонақүйлерді де қамтылуы маңызды рөл атқарады. Кез келген тематикалық саябақ белгілі бір тақырыпқа бағынады, әрі осыған байланысты түрлі зоналарға да бөлінетіні айқын. Сервистік яғни келушілерге көрсететін қызмет көрсету барысы да талапқа сай болуы тиіс. Сервистік қызмет әр түрлі жас айырмашылықтарына қарай кішкентай балалардан бастап егде жастарға дейінгі келушілерге арналған әр түрлі әлеуметтік жағдайы есепке алына отырып жүзеге асатын болады. Ұлттық мүддемізді көтеру және оны заманауи технологиялармен ұштастыру мақсатында саябақ ортақ ұлттық тақырыпқа бағынатын болады. Тақырып негізіне ұлттық қаһармандарымыз бен отандық тарихи және заманауи фильмдердегі кейіпкерлер сонымен қатар ертегілер кейіпкерлері негізге алынатын болады. Ұлттық тақырып аясынан бөлек анти-утопиялық, фантастикалық тақырып та саябақ зоналарының біріне кіретін болады. Аттракциондар мен түрлі горкалар да жоғарыда аталған фильмдер мен әлем

франшизаларының мотиві бойынша орнатылатын болады. Олардың арасында жас айырмашылығына қарамай көпшіліктің көңілінен шығып үлгерген атақты мультфильмдер де бар. Әлем франшизаларына келетін болсақ олар әрине атышулы «Аватар» «Хоббит» «Гарри Поттер» «Ледниковый период» және т.б ал отандық «Алдар көсе» «Менің атым Қожа» сияқты көптеген ертегілер негізінде жасалады. Қысы өте аяз әрі ұзақ Астана қаласында соғылатын тақырыптық саябақ үшін ғажайып Финляндиядағы Лапландияны да негізге ала отырып оған да бір аймақ бөлінуі мүмкін.

Елімізде мұндай жоба іске асып кететіні анық. Қазір үкімет адам денсаулығы мен бос уақытын тиімді өткізуге көп көңіл бөледі. Сондықтан спорттық ойындар орталығы мен белсенді демалыс орындары, мұражайлар мен этно қалашықтардан біріктірілген тақырыптық саябақ үкімет мүддесін көздейді. Көп шетелдік тақырыптық саябақтар құрылыс жобаларына мемлекет пен муниципалитет көмектерін бергенін айтуға болады. Мысалы, Испанияда Ғылым және өнер қаласы атты саябақ Валенсияның мэрлігінің қолдауымен салынған, оның мақсаты жаңа жұмыс орындарын ашу ғана емес, сонымен қатар туристердің арасында әйгілі болып табылатын

Севилья және Барселонаға салмақтас болатын туристік және мәдените орталығын салу болатын. Сондықтан тақырыптық саябақ салуда инвесторларды ғана емес, мұндай концептуалды сыйымды жобаларға біздің қазақстандық шенеуніктерімізді де тарту керек.

Әрине ойын сауық орталықтары мен тақырыптық саябақтар қайырымдылық жобалары емес. Олардың сәтті жұмыстары мен қаржылық табыстарының жоғары болуы ойын сауық инфраструктурасы және коммерциялық жылжымайтын мүліктердің: кафе, мейрамхана, дүкендердің бір бірімен үйлескен кезінде болады. Тақырыптық саябақтан соң келген қонақтар көлік тұрағына емес, керісінше мейрамханалар мен дүкендер орналасқан ауданға тап болуы тиіс. Марселя Хатта (Махmakers) мәліметі бойынша саябақтың табысының 50%-ын көңіл көтеруден түсетін, ал қалған 50%-ын қосымша қызметтерден келетін табыс құрайды.

Қорытындылай келе елімізде туризмді дамытуға бағытталған бұл жоба болашақта туризмнің елдегі бірегей орталығы бола алады. Осындай тематикалық парк жобалары іске асса ішкі туризмді ғана емес шетел туристерін де елімізге тарта аламыз. Әлемдегі тематикалық парктердің жылдан-жылға дамып, өркендеп келе жатқандығын көріп тек қана үлгі алуға болады. Сондықтан Қазақстанға қажетті тематикалық парк үлгілерін таңдап немесе жаңа стильдегі парктер құрып көңіл көтеру индустриясын жаңа белестеріне көтеру қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Божук В.Н. Основные приемы создания тематизированного пространства в тематическом развлекательном парке // Architecture and Modern Information Technologies, Московский архитектурный институт (государственная академия). 2016. № 3(36). С. 3.
2. Абулела Н. Тематические парки: от Микки Мауса к Феррари // Конспект лекции Нассера Абулела. М.: Московский институт социально-культурных программ, 2014. С. 17
3. Александрова А.Ю., Сединкина О.Н. Тематические парки мира. М.: КНОРУС, 2016. 208 с.
4. Коробова Г.В. Архитектурно-ландшафтная организация пешеходных пространств на основе сценарного подхода: Автореф. дисс. ... на соиск. канд. архитектуры. М., 1990. 24 с.
5. Малышева С.Г. Формирование новых рекреационных территорий на основе исторического контекста // Устойчивое развитие городской среды: сборник статей АСИ СамГТУ. 2016. С. 60-64.
6. Лекарева Н.А. Ландшафтная архитектура и дизайн. Традиции и современность: Учеб. пособие // Самарск. гос. арх-строит. ун-т. Самара, 2005. 212 с.